



Басты мақсат – Орталық Азиямен байланысты одан әрі нығайту

24–26 тамыз аралығындағы Қазақстанға сапарым Жапония Сыртқы істер министрі ретінде кейінгі үш жылданғы алғашқы сапарым болғалы түр. Көптеген белгілі деңгелерде жүрген сапарымды жүзеге асыратыныма қуаныштымын.

Қазақстандың ікоса алғанда, Орталық Азия мен Жапония арасындағы байланыстардың тарысы мың жылдан аса уақытты қамтиды. Жапонияға көптеген мәдениет пен технологияның жетуіндегі зор маңыз иеленген Ұлы Жібек жолы жапон тарихы мен қоғамына үлкен асерін тигізіп келді. Орталық Азия мен Жапония арасында құрлық, пен тәнізден тұратын мыңдаған шақырымдардың жатқанына қарамастан, бір-бірімізben мәдени және этностық жақындығымызды ерте кезден дамытып келеміз.

Жапония Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқылардың бірі болып, 1992 жылы дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Содан бері 30 жылдан аса уақыт ішінде Қазақстанта үнемі қолдау көрсетіп, дос пейілді байланысын жалғастырып келеді. Мәселен, Жапония Қазақстан егемендік алған кезден бері инфрақұрылым саласы мен кадрларды оқытуда қамтитын мемлекеттік құрлықсқа қолдау көрсетіп, сондай-ақ жапон компаниялары мұнай және уран өндіру жобаларын қатысып, бизнес саласындағы ынтымақтастық та жалғасын тауып жатыр.

Бұрынғы Кеңес одағы кезінде 40 жылдардай уақыт бойы 450-ден аса ядролық сынақ жасалған Қазақстан аумағында алған күнге дейін радиация зардабын тартып жүргендердің көп екенінен хабардармын. Соғыс кезінде ядролық бомбалдаудан зардап шеккен бірден-бір мемлекет ретінде Жапония өз тәжірибелес мен білімін пайдалана отырып, «Дамуға ресми көмек» (ODA) жүйесі бойынша медициналық қурал-жабдықтар ұсыну мен кадрлар даярлауда, сонымен қатар Семей қаласындағы үзіметтік емес үйімдер мен жоғары оку орындары силиқты жекеменшік үйімдер арқылы Қазақстандағы ядролық сынақтардан зардап шешіндерге медициналық көмек көрсетуге белсенді үлес қосып келеді.

Тарихка үнілесек, Екінші дүниежүзілік соғыстан соң көптеген жапондық бұрынғы Кеңес одағының тұтқыннанда қалды. Қазақстан Үкіметі жапон жеріне орала алмай, Қазақстанда көз жүмған жапон азаматтарының сүйектерін жинау, олардың туыстарының зиярат ету сапарларын

жүзеге асыру және 2023 жылы Астанада жапон интерн-тұтқындарына арналған ескерткіш салу жобасында үлкен түсіністік пен ынтымақтастық көрсете білді. Сол үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.

Жапония Орталық Азияның маңыздылығына ерте кезден назар аударып келді. Сейтіп, бірінші болып 2004 жылы Қазақстанмен және Орталық Азия елдерімен бірлесіп, Орталық Азия елдері жетекші рөл атқаратын, ал Жапония қозғаушы күш ретінде әрекет ететін, аймақтық ынтымақтастықты інгерилетуді мақсат еткен «Орталық Азия + Жапония» диалогі форматын бекітті. Аталаң диалог аласында Сыртқы істер министрлерінің алғашқы жиыны сол жылы Астанада етіп, оған сол кезде Қазақстанның Сыртқы істер министрі болған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мырза қатысқан еді. 20 жылдан аса уақыт жалғасып келе жатқан «Орталық Азия + Жапония» диалогі шеңберінде бүтінге дейін еткен Сыртқы істер министрлерінің тоғызы кездесуі, сондай-ақ көптеген саласы диалогтер мен гуманитарлық жобалар Жапония мен Орталық Азияны байланыстыруши берік негізге айналды.

Бүтінде Орталық Азия тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізіп, Еуропа мен Азияның жалғайтын сауда жолы ретінде маңызы артып келеді. Сонымен қатар Жапония халықаралық жағдайдағы өзгерістердің Орталық Азия елдеріне айттарлықтай асер етіп отырғанын жақсы биледі. Орталық Азияның қоршап тұрған орта күрт өзгеріп тұрған қазіргі уақытта аймақтағы ынтымақтастық аса қажет болып тұр. Осы тұрғыда менің бұл жолғы сапарымның басты мақсаты – Орталық Азиямен қарым-қатынасты одан әрі нығайту, сонымен қатар «Орталық Азия + Жапония» диалогі шеңберінде заң үстемдігіне негізделген еркін және ашық халықаралық тәртіпті қолдау үшін бірлесіп жұмыс істеу.

25 тамызда болатын Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу мырзамен кездесу барысында екі ел арасындағы бүтінге дейін қалыптасқан ынтымақтастық, пен өзара



қарым-қатынастарды негізге ала отырып, табиғи апартардың алдын алу және олардың салдарын азайтуды, көміртексіздендіру сөкілді салаларда тұрақты дамуға бағытталған ынтымақтастықты тереңдетуға, сондай-ақ экономикалық қауіпсіздік тәрізді халықаралық мәселелердің шешімін қарастыруға байланысты ашық піләр алмасуды жостарлап отырмын. Қазақстандағы сапарымды қазақстандық достарыммен бірге екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі інгерилету үшін барынша күш салатын мүмкіндік ретінде пайдалануға инеттімін.

Сөзімің соңында «Біздің өмірім үшін болашақ қоғамын қуру» тақырыбында сөүір айынан бастап жұмыс істеп жатқан «ЭКСПО-2025 Осака-Кансай» Дүниежүзілік көрмесіндегі Қазақстан павильонын күн сайын көптеген жұрт тамашалап жатқанын айтқым келеді. 10 тамызда ҚР Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев мырзаның қатысуымен Қазақстанның Ұлттық күніне арналған іс-шара сөтті етті. «ЭКСПО» көрмесі екі ел арасындағы түрлі деңгелдердегі адами және экономикалық байланысты одан әрі нығайтуға себеп болады деп сенемін. Көрменің аяқталуына бір жарым айдай уақыт қалды. 2017 жылы Астанада «ЭКСПО» Дүниежүзілік көрмесін өткізген Қазақстанның барша халқын Жапонияға шақырғып келеді.

Такеші ИВАЯ,
Жапонияның Сыртқы істер министрі